

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктерімен жұмыс істеу жөніндегі департаменті туралы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1169

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен олардың қызметкерлерінің жұмысына және болуына қажетті жағдайлар жасау, оларға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жанындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс істеу жөніндегі департаменттің базасында шаруашылық жүргізу құқығында "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктерімен жұмыс істеу жөніндегі департаменті" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылсын.
2. Кәсіпорынға қатысты уәкілетті мемлекеттік басқару орган, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындалсын.
3. Кәсіпорынның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктеріне және халықаралық ұйымдарға, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне барлық қызмет түрін көрсету болып айқындалсын.
4. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жанындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс істеу жөніндегі департаментінің мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.
5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бір апта мерзімде Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін, онда жергілікті жерлерде Кәсіпорынның филиалдарын ашу мүмкіншілігін көздесін және оны белгіленген тәртіппен тіркесін.
6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

пен активтерді басқару департаменті Кәсіпорынды белгіленген тәртіппен Алматы және Ақмола қалаларында қажетті қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Республикалық Мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне осы қаулыға сәйкес толықтыру енгізу туралы

ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК